# Қаратал ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы

***Күшін жойған***

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 168 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 01 сәуірде № 3119 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 232 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 28.04.2015 № 232 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 4 және 6-тармақтарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаратал аудандық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жайлар осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес берілсін.

3. "Қаратал ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Иманғалиева Сағира Таңатарқызына осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Байтаева Күлпәш Ізмұқанқызына жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Қ.Бисембаев*

Қаратал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы "Қаратал ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" № 168 қаулысына 1-қосымша

## Қаратал ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

1. Үштөбе қаласы бойынша:

1) Үштөбе қаласы, Б. Жолбарыс батыр және Кузнецов көшелерінің қиылысындағы стенд;

2) Үштөбе қаласы, Б. Момышұлы көшесі, № 229, Қаратал аудандық ауруханасы ғимаратының жанындағы стенд;

3) Үштөбе қаласы, Төле би және Абдрахман ақын көшелерінің қиылысындағы стенд;

4) Үштөбе қаласы, Түркісіб және Момышұлы көшелерінің қиылысындағы стенд;

5) Үштөбе қаласы, Мартынов және Нұрмұхамбетов көшелерінің қиылысындағы стенд.

2. Айту би ауылдық округі бойынша:

1) Көкпекті ауылы, Н. Жанысбайұлы көшесі, № 5, фельдшерлік акушерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд;

2) Жасталап ауылы, Сейфуллин көшесі, № 1, Құлжабай батыр атындағы орта мектеп ғимаратының жанындағы стенд;

3) Айту би ауылы, Достық көшесі, № 1 үй жанындағы стенд;

4) Қожбан ауылы, Мұнайтпасов және К. Әзірбаев көшелерінің қиылысындағы стенд.

3. Балпық ауылдық округі бойынша:

1) Жанаталап ауылы, Жамбыл көшесі, № 34, ауылдық дәрігерлік амбулатория ғимаратының жанындағы стенд;

2) Оян ауылы, Асықбаев көшесі, № 11/2, фельдшерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд;

3) Ұмтыл ауылы, Бейсенбіұлы Ахметше көшесі, № 5, фельдшерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд.

4. Бастөбе ауылдық округі бойынша:

1) Бастөбе ауылы, Комаров көшесі, № 3, Мәдениет үйі ғимаратының жанындағы стенд;

2) Ортатөбе ауылы, Серегин көшесі, № 3, фельдшерлік акушерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд;

3) Кішітөбе ауылы, Комсомолская көшесі, № 35, фельдшерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд;

4) Жылыбұлақ ауылы, Мира және Әуезов көшелерінің қиылысындағы стенд.

5. Елтай ауылдық округі бойынша:

1) Қаражиде ауылы, Қонаев көшесі, № 8, ауылдық дәрігерлік амбулатория ғимаратының жанындағы стенд;

2) Сарыбұлақ ауылы, Өтеген батыр көшесі, № 13, фельдшерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд.

6. Ескелді ауылдық округі бойынша:

1) Ескелді ауылы, Жансүгіров және Алтынсарин көшелерінің қиылысындағы стенд;

2) Көкдала ауылы, Жамбыл көшесі, № 14/1, фельдшерлік акушерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд;

3) Қызылжар ауылы, Байтұрсынов және Д. Дүйсенбаев көшелерінің қиылысындағы стенд;

4) Қайнар ауылы, Қайнар көшесі, № 3 үйдің жанындағы стенд.

7. Жолбарыс батыр ауылдық округі бойынша:

1) Кәлпе ауылы, Р. Бекенов көшесі, № 24, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд;

2) Қанабек ауылы, Саринов көшесі, № 20, Мәдениет үйі ғимаратының жанындағы стенд;

3) Қарашеңгел ауылы, Жамбыл көшесі, № 5, фельдшерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд.

8. Қаңбақты ауылдық округі бойынша:

1) Алмалы ауылы, Жайлығұлов көшесі, № 1, ауылдық аурухана ғимаратының жанындағы стенд;

2) Ақжар ауылы, Тілеуғұл батыр көшесі, № 5, фельдшерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд.

9. Қызылбалық ауылдық округі бойынша:

1) Көпбірлік ауылы, Жетінші көшесі, № 4, ауылдық аурухана ғимаратының жанындағы стенд;

2) Қарақұм ауылы, Ш. Уәлиханов және С. Сейфуллин көшелерінің қиылысындағы стенд.

10. Тастөбе ауылдық округі бойынша:

1) Тастөбе ауылы, Халықов көшесі, № 1, фельдшерлік пункт ғимаратының

жанындағы стенд.

Қаратал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы "Қаратал ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" № 168 қаулысына 2-қосымша

## Қаратал ауданында сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде кандидаттарға берілетін үй-жайлар

1. Бастөбе ауылдық округі бойынша:

1) Бастөбе ауылы, Комарова көшесі, № 3, аудандық Мәдениет үйінің акті залы.

2. Жолбарыс батыр ауылдық округі бойынша:

1) Қанабек ауылы, Саринов көшесі, № 20, Мәдениет үйінің акті залы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК